



ОЧЕСТАВЛЕСТВО. Радио Казахстана. Астана. 2009

Ана тілімізден – әлем тілдеріне



2021 жыл әдеби аударма үшін өнімді жыл болды. Әсіресе отандық баспаларымыз шетел әдебиетінің озық үлгілерін қазақ тіліне түпнұсқадан тікелей аударып, елдер арасындағы әдеби байланысты жаңдандыра түсті.

Атап айтқанда, Астрид Линдгреннің «Ұзын шұлық Пиппи», Родари Джанидің «Чиполиноның басынан кешкендері», «Джельсомино Суайттар елінде», Ж.Зинелованың аударуымен 5 кітаптан тұратын «Шетел ертегілері», Г.Х. Андерсеннің адамды жақсылық жасауға баулу, өзгеге көмек көрсету, шындықты айту, өтірікке құмар болмау керектігін шытырманға толы оқиғалармен жеткізетін бірнеше ертегілері (аударған С.Ерғали) жарыққа шықты.

Балаларға арналған әлем әдебиеті жауһарларының өткен жылы қазақстандық баспалардан шыққан туындыларының қатарында Жоан Роу- лицтің «Хәрри Поттер», Руал Даһлдың «Жеймс пен дәу шабдалы», Ракел Паласионың «Гажайып», Фрэнк Лайман Баумның «Сүйкімді қыз бен сиқыршы шал» атты еңбектері бар.

Жалпы, балаларға арналған аударма шығармалармен қатар, отандық баспалар әлем әдебиетінің жауһар туындыларын да ұсынуда. Бұл ретте Халед Хоссейnidің «Жарқыраған мың күн» романы (аударған Т.Меллат), Өтен Ахметтің тәржімасымен Олкотт Луиза Мэйдің «Кішкентай ханымдар» романы басылып шықты. Маржан Ершудың аударуымен О.Памуктың «Сезім музейі», М.Дүйісмағамбеттің аударуымен Яхина Гузелдің «Зулейханың оянуы», Халед Хоссейnidің «Батпирауық қуған бала» (ағылшын тілінен аударған Д.Әлімақын), Стивен Кингтің «Сол», «Жасыл миль» (ағылшын тілінен аударған М.Сембайқызы), Ахмет Үміттің «Ыстаңбыл естеліктері» (аударған Д.Зікірия) оқырман қолына тиді. Джордж Оруэллдің әлемдік классиканың үздігі болып саналатын «Мал қора» романы 1944 жылы жарық көрсе де, әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймаған, әлемнің көптеген тілдеріне аударылып жарық көріп келе жатқан танымал шығарма. Кітапта кеңестік мемлекеттердегі тоталитарлық жүйе «Мал қорадағы» жануарлардың өмірін мысалға ала отырып, күлкілі пародия түрінде жазылған. Осы әлемдік бестселлер енді Сәкен Солтанаевтың тәржімасымен қазақ оқырманына жетіп отыр.

2021 жылы прозалық туындылармен қатар, поэзиялық шығармалардың аудармалары да жарыққа шықты. Мәселен, Байбота Қошым Ноғайдың тәржімасымен орыс әдебиеті алтын ғасырының ақындары В.А. Жуковскийдің, А.С. Пушкиннің, Я.П. Полонскийдің өлеңдері мен дастандары жарық көрді. Әлем ақындарының үздік өлеңдерін аударып жүрген қаламгерлердің бірі – Ержан Алаштуғанның «Жалғыз аспан» жыр жинағына Адам Мицкеевич, Низами Гәнжауи, Шота Руставели, т.б. шетел әдебиеті ақындарымен қоса белгілі ақын О.Сүлейменов пен Б.Қанапияновтың да өлеңдері енгізілген.

Әткен жылы жарық көрген аудармаларға назар аудара отырып, негізгі төрт бағытта жұмыс жасалғанын байқауға болады.

Түпнұсқадан тікелей аудару. Бұл бойынша, негізінен, шығармалар ағылшын, орыс, түрік, парсы, мажар тілінен тікелей аударылған. Осы арада М.А.Джамалзденің «Ана тілдің әуезі» шығармасын Айнаш Қасым парсы тілінен, Эндре Ади лирикасын Р.Зақанқызы мажар тілінен аударғандығын ескере кеткен жөн. Аудармалар қазақ әдебиеті газетіне жарияланған. 1960-1980 жылдары орыс тілі арқылы аударылған шығармаларды қайта басып шығару, қайта өндеп шығару ісі. Бұл бағытта Qasym kitarphanasy баспасы жоспарлы түрде жұмыс жасап келеді.

Алаш зиялдыларының аудармалары жеке кітап болып басылып шыққан. Саяси құрес арқылы ғана емес, мәдени-рухани құреспен ұлттың санаын ояту қажеттілігін түсінген Алаш зиялдылары ұлттық сананы қалыптастыру үшін оқу-ағарту мақсатында жасаған еңбектерінің ішінде көркем аударма ісімен де айналысқанын ерекше атағанымыз маңызды. Бұл түрғыдан алғанда, «Отбасы хрестоматиясы» баспасының жобасымен (жоба авторы Абзал Құспан) Алаш қайраткерлерінің аударма мұраларын жарыққа шығару, насиҳаттау ісі жалғасын тапқаны қуантады.

4) Қаламгерлеріміздің туындылары өзге тілде аударылып, жарыққа шыққан. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы «Шлях Абая» деген атпен беларусь тілінде жарық көрді. Сондай-ақ Д.Исабековтің шығармалары швед тілінде жарыққа шықты. Жинаққа Дулат Исабековтің ең танымал бес хикаяты мен екі әңгімесі енген.

3. Жұманованың повестері мен әңгімелері «Запах дождя» деген атаумен орыс тілінде жарық көрді. Арман мен үмітке толы ойлы өлеңдерімен танылған ақын Саят Қамшыгер поэзиясы да орыс, башқұрт тілдеріне аударылды. Байқап отырғанымыздай, әдебиетіміздің көркем аударма саласы дамып келеді. Сатылы аудармадан қарағанда, тікелей аударма жасаудың артықшылығы көп, пайдалы екені анық. Осы уақытқа дейін қаламгерлеріміздің шығармалары өзге тілге орыс тілі арқылы аударылып келді. Ендігі кезекте ақын-жазушыларымыздың шығармалары әлем тілдеріне тікелей ана тілімізден аударылса, қазақ әдебиетінің өрісі кеңейер еді. Отандық баспаларымыз осы жағына назар аударса деген тілек бар.